

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты
«Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы» кафедрасы

Сәрсенбаева Гүлжайна Мерекеқызы

«МаңғыстауМұнайГаз» АҚ кәсіпорны жағдайында сапа жүйесінің элементтерін
талдау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B073200 – «Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)»

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы» кафедрасы



ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «МаңғыстауМұнайГаз» АҚ кәсіпорны жағдайында сапа жүйесінің элементтерін талдау

5B073200 – «Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)»

Орындаған:

Сәрсенбаева Г.М

Пікір беруші

Ғылыми жетекші

Алматы қаласы Әуезов ауданының

Қоршаған ортаны қорғау және

экология бөлімінің басшысы

Түлегенова Г.О.



Сениор-лектор

Ермекбаева А.Ө

Ермекбаева А.Ө
14.05.2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты


«Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы» кафедрасы

Мамандығы: 5В073200 – «Стандарттау, сертификаттау және метрология
(сала бойынша)»

БЕКІТЕМІН

«СС және МЖТ»

кафедрасының меңгерушісі

 техн. ғыл. канд.
Альпеисов А.Т.
" 06 " 11 2019 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Сәрсенбаева Гүлжайна Мерекеқызы

Тақырыбы: «Маңғыстау МұнайГаз» АҚ кәсіпорны жағдайында сапа жүйесінің элементтерін талдау

Университет Ректорының 2019 жылғы " 06 " 11.18 № 2226 бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы " 15 " мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: шектеме құжаттары

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) СММ жемілеттерін талдау

б) СММ артықшылығын танытау

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Дипломдық жұмыс материалдары 11 слайдта көрсетілген


Ұсынылатын негізгі әдебиет 8 атаудан тұрады

Дипломдық жұмысты дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Кәсіпорындағы құрылыс материалдары туралы негізгі мағлұмат	05.03.2019ж	орындауда
Кәсіпорындағы құрылыс материалдары біріктірілген менеджмент жүйесі	28.03.2019ж	орындауда
Біріктірілген менеджмент жүйесі нәтижелілігі	17.04.2019ж	орындауда

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары

Бөлім атауы	Кеңесшілер аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	техн.ғыл. магистрі, ассистент Муртазина Б.Т.	14.05.19.	

Ғылыми жетекші:



Ермекбаева А.О

Тапсырманы орындауға алған білім алушы:



Сәрсенбаева Г.М

Күні:

" 11 " 02 2019ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыстың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы жетекші мұнай газ компаниясы «МаңғыстауМұнайГаз» АҚ даму жағдайын қарастыра отырып, мекемедегі сапа менеджмент жүйесі элементтеріне талдау жасау және СМЖ нәтижелілігін қарастыру.

Дипломдық жұмыс мекемедегі СМЖ талдау және жұмыс тәжірибелерін қарастыра отырып, СМЖ нәтижесі мен артықшылығын зерттеуге арналған. СМЖ элементтеріне яғни стандарттарға сәйкес талдау жүргізілді.

Диплом жұмысы 4 бөлім, кіріспе, қорытынды және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыс 33 беттен, 5 кестеден және қосымшалардан тұрады.

АННОТАЦИЯ

Цель дипломной работы–анализ элементов системы менеджмента качества в учреждении и рассмотрение результативности СМК, рассматривая состояние развития АО «Мангистаумунайгаз», ведущей нефтегазовой компании Республики Казахстан.

Дипломная работа предназначена для изучения преимуществ и результатов СМК с рассмотрением опыта работы и анализа СМК в организации. Проведен анализ элементов СМК в соответствии со стандартами.

Дипломная работа состоит из 4 разделов, введение, заключение и список использованной литературы. Работа состоит из 33 страниц, 5 таблиц и приложений.

ANNOTATION

The purpose of the thesis is to analyze the elements of the quality management system in the institution and review the effectiveness of QMS, considering the state of development of Mangistaumunaigas JSC, the leading oil and gas company of the Republic of Kazakhstan.

The thesis is intended to study the benefits and results of QMS with consideration of experience and analysis of QMS in the organization. The analysis of the elements of the QMS in accordance with the standards.

The thesis consists of 4 sections, introduction, conclusion and references. The work consists of 33 pages, 5 tables and applications.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	«МаңғыстауМұнайГаз» кәсіпорыны туралы негізгі деректер	8
1.1	«МаңғыстауМұнайГаз» даму тарихы	8
1.2	«МаңғыстауМұнайГаз» негізгі жұмыс бағыты	9
1.3	«МаңғыстауМұнайГаз» саясаты	9
2	«МаңғыстауМұнайГаз» сапа менеджмент жүйесі	11
2.1	Сапа жүйесінің саясаты	11
2.2	Сапа жүйесінің мақсаты мен басшылығы	12
2.3	Сапа жүйесін енгізудегі артықшылықтары және сапа жүйесін серттификаттау	15
3	«МаңғыстауМұнайГаз» қолданылатын СМЖ элементтері және оларға SWOT анализ жасау	18
3.1	СМЖ элементі ISO 29001:2010	18
3.2	СМЖ элементі OHSAS 18001:2007	21
3.3	СМЖ элементі ISO 9001:2015	24
3.4	СМЖ элементтері ISO 14001:2015	27
4	Сапа жүйесі элементтерінің аудиты ISO 19011	30
	Қорытынды	32
	Пайдаланылған әдебиеттер	33
	Қосымшалар	34

КІРІСПЕ

Сапа менеджмент жүйесі - сапа саласындағы мақсаттар мен саясатты қалыптастыру және сол мақсаттарға жету үшін жасалған жүйе. СМЖ басқа жүйе секілді өзінің міндетімен, құрылымымен, элементтер құрамымен және өзара байланысымен сипатталады. Кәсіпорынның сапа менеджмент жүйесі – жоспарлау, басқару, қамтамасыз ету және сапаны жақсарту арқылы сапа саласындағы саясатты іске асыру үшін қажетті ұйымдастыру құрылымының, сапа әдістемелердің, процесстер мен ресурстардың жиынтығы.

СМЖ - ның міндеті - көрсетілген қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге және осы сапаны тұтынушылардың сұранысына икемдеуге арналған жүйе. Сонымен қатар СМЖ-нің басты мақсаты – әрбір қызметті жеке бақылау емес, қызмет сапасының төмендеуіне себеп болатын қателерді болдырмайтын жүйені жасау.

«МаңғыстауМұнайГаз» акционерлік қоғамы магистральдық мұнай өндіру бойынша ұлттық оператор және Қазақстан Республикасының ірі мұнай компаниясы бола отырып, тұтынушылардың талаптары мен үміттерін толық қанағаттандыруға ұмтылады.

Сапаны қамтамасыз ету бойынша жүйелі жүргізілетін шаралар кәсіпорынның күнделікті немесе мерзімді түрде атқаратын жұмыстарын қамтиды.

Кәсіпорынның СМЖ-сі мыналарлы ескеру керек.

- кәсіпорынның өзгешілігін;
- оның көлемін(үлкен кішілігін);
- өндірістің құрылымын және оның ұйымдастырылуын.

Дипломдық жұмысты жазу барысында Қазақстандағы ең ірі мұнай – газ өндіру компаниясы «МаңғыстауМұнайГаз» АҚ компаниясы қарастырылды. Бұл жұмыстың мақсаты – «МаңғыстауМұнайГаз» АҚ компаниясының сапа менеджмент жүйесі элементтерін талдау және сапа менеджмент жүйесін енгізудегі артықшылықтар мен нәтижелері.

Бірінші бөлімде «МаңғыстауМұнайГаз» АҚ компаниясы туралы негізгі мағлұматтар қарастырылған. Мекеменің тарихы, жасалып жатырған жұмыстарының бағыты, сондай – ақ компанияның жүргізіліп отырған саясаты көрсетілген.

Екінші бөлімде «МаңғыстауМұнайГаз» АҚ компаниясының сапа жүйесіндегі саясаты, сапа жүйесіндегі мақсаты, басшылығы және сапа жүйесін енгізудегі артықшылықтары және сапа жүйесін сертифициаттау жайлы айтылған.

Үшінші бөлімде «МаңғыстауМұнайГаз» қолданылатын СМЖ элементтері ИСО 9001:2015, ОHSAS 18001:2007, ИСО 14001:2015, ИСО 29001:2010 стандарттарына толықтай тоқталды және оларға SWOT анализ жасалды.

Төртінші бөлімде сапа жүйесі элементтерінің аудиты яғни ISO 19011 стандарты жайлы айтылды.

1 «МаңғыстауМұнайГаз» кәсіпорынының құрылымы

1.1 «МаңғыстауМұнайГаз» даму тарихы

«МаңғыстауМұнайГаз» АҚ – Маңғыстау өлкесіндегі мұнай өнеркісібінің қарқынды өсуін негізін салған кәсіпорын.

Отыз жылдай уақытта жүргізілген терең барлау жұмыстарының нәтижесінде Маңғыстау өте ірі мұнай мен газ қоры бар өлкеге айналды. Облыста 59 мұнай-газ кен орындары игерілуде, олардың 40-ы «Маңғыстаумұнайгаз» бірлестігінің меншігінде.

Мұнай өндіру Маңғыстауда «Маңғыстаумұнай» бірлестігінің құрылуымен байланысты. Осы уақытта ММГ өндірістік бірлестігі қарауында 38 әр түрлі басқармалар мен зауыттары бар мемлекет мекемені құрады. Бірлестіктің құрамына осы кәсіпорындардан басқа Қазақтың ғылыми.-зерттеу және жобалау мұнай институты (*ҚазҒЗЖМИ*) қарайды.

«МаңғыстауМұнайГаз» АҚ Батыс Қазақстан халық шаруашылығы Кеңесінің 1963 жылғы 27 қарашадағы № 280 қаулысымен мемлекеттік өндірістік бірлестігі болып дүниеге келді. 1961 жылдың 5 шілдесі күні Жетібай кенорнындағы № 6 ұңғыдан атқылаған алғашқы мұнай бұрғағы Маңғыстау үшін де , бүкіл еліміз үшін де аса маңызды оқиға деп танылып, сарұылмас табиғи кен байлығының барын әлемге паш етті.

Қазіргі таңда «МаңғыстауМұнайГаз» АҚ аймақ бойынша 40%, республика бойынша 8% беретін еліміздегі ірі мұнай-газ өндіруші кәсіпорындардың бірі болып табылады. 2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша акционерлік қоғам кенорындарын пайдалана бастаған күннен бері қарай 200 миллион тонна «қара алтын» өндірілді. Бүгінде акционерлік қоғам жалпы бастапқы қоры 969 миллион тонна құрайтын 15 мұнай және газ кенорнын пайдалануда. Негізгі өндірістік нысандары – Қаламқас және Жетібай кенорындары.

Қаламқас кенорны 1979 жылдан игеріліп келеді. Оның құрылымында мұнайдың жалпы баланыстық қоры 510 миллион тонна құрайтын 13 өнімді қабат бар.

Жетібай кенорыны бірнеше серіктес кенорындарымен бірге пайдаланылуда. Олардың қатарында Асар, Шығыс Жетібай, Бектұрлы , Оймаша, Бұрмаша, Солтүстік Қарағия, Алатөбе, Атамбай Сартөбе, Ащыағар, Солтүстік Аққар, Айрантақыр және Придорожное бар. Мұндағы мұнайдың жиынтық баланыстық қоры 458 миллион тоннаны құрайды.

Қазір компанияның жылдық мұнай өндіру көлемі 5 миллион тоннадан астам. Кенорындар өндірісіне жаңа технологиялар кеңінен енгізілді, әсіресе қабаттың мұнай көздерін үлкен қысыммен жару тәсілі, терең бұрандалы сораптарды пайдалану өз жемісін берді. Шыныппластикалық тұрбалар зауыты салынды.

1.2 «Маңғыстау Мұнай Газ» негізгі жұмыс бағыты

«Маңғыстау Мұнай Газ» кәсіпорыны қазіргі таңда бірнеше бағытпен жұмыс жасауда. «Маңғыстау Мұнай Газ» кәсіпорының негізгі қызмет бағыттары 1 кестеде көрсетілген.

1 Кесте - «Маңғыстау Мұнай Газ» кәсіпорының жұмыс бағыты:

➤ Мұнайды және табиғи газ өндіріру;
➤ Кен орындарын барлау және әзірлеу жүйесін басқарудың тиімділігін арттыру;
➤ Сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыру;
➤ Өндірістік тиімділіктің тиімділігін арттыру, пайдалану шығыстарын арттыру, персоналдың біліктілігін арттыру мақсатында мұнай өңдеу және мұнай химиясы секторында зерттеулер жүргізу;
➤ Мұнай мен газ өндіру барысында заңды негізде магистральдық мұнай құбырына иелік етуші тұлға атынан магистральдық мұнай құбырымен мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету;
➤ Жылу энергиясын өндіру, беру және тарату, электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтерді көрсету;
➤ Магистральдық мұнай құбырларын және резервуарларды тазалаудың замануи технологиясын енгізу.

Осы бағыттар бойынша жұмыстар жасалады және дұрыс атқарылуын қамтамасыз етеді.

1.3 «Маңғыстау Мұнай Газ» саясаты

Сапа менеджмент жүйесі - бұл мекемеде сапа саласындағы мақсаттар мен саясатты қалыптастыру және сол мақсаттарға жету үшін жасалған жүйе. СМЖ басқа жүйе секілді өзінің міндетімен, құрылымымен, элементтер құрамымен және өзара байланысымен сипатталады. Кәсіпорының сапа менеджмент жүйесі – жоспарлау, басқару, қамтамасыз ету және сапаны жақсарту арқылы сапа саласындағы саясатты іске асыру үшін қажетті ұйымдастыру құрылымының, сапа әдістемелердің, процесстер мен ресурстардың жиынтығы.

Қазақстан өзінің экономикасын нарықтық бағытта дамытып қана қоймай, экономикасы тұрақтанған сайын түрлі салаларда қызмет ететін ұлттық компания - лардың аяғына тұруына баса назар аударуда. Отандық мұнайгаз саласында да тех -

никалық және қаржылық мүмкіндіктері әлемдік мұнай бизнесінің алыптарынан ешбір кем түспейтін ірі компаниялар қалыптасты. Отанымыздың мұнай өңдеу саласындағы нарықтық тәжірибесінен туындаған компаниялардың бірегейі - «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы (АҚ) болып табылады Біздің өрбіткелі отырған әңпеміз осы компания туралы болмақ. «МаңғыстаумұнайГаз» АҚ ISO 9001:2015 халықаралық стандартының жаңа нұсқасы талаптарына сәйкестікке мерзімінен бұрын өткен Қазақстанның ірі компаниялары алғашқыларының бірі, бұл қызметтің әрдайым жоғары сапасы, барлық мүдделі тараппен тұрақты өзара қатынасты нығайту, өсу және даму үшін орнықты негізді қамтамасыз ету арқылы Қоғамның клиенттер сұранымдарына жақсырақ жауап беру мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді.

Бүгінгі таңда қазақстандық мұнайгаз секторына әлемдік деңгейдегі трансұлттық компаниялар «Chevron Texaco», «Exxon Mobil», «British Petroleum», «Shell», «Agip», «Total» және т.б. миллиардтаған доллар инвестициялады. Оған бір жағынан себеп болған жоғарыда айтып өткеніміздей, шикізат көздеріне бай Қазақстанның егемендіктің алғашқы жылдарында ірі кен орындарын ашуға қажетті қаражат, техникалық, материалдық және өзге де қажетті алғышарттар жетіспеді. Екінші жағынан шетелдік инвесторларды Қазақстанның геосаяси жағдайы мен ішкі саяси тұрақтылығы, ұтымды жүргізілген саяси және экономикалық реформалары, Елбасымыздың ұстанған көпвекторлы сыртқы саясаты, ел халқының даму мен бейбіт өмірге деген құлшынысы қызықтырды. Бұл факторлардың барлығы жиналып келгенде қазақстандық даму жолын құрайды. экономикамыздың тұрақты дамуына мүмкіндік берді.

Сапа менеджменті жүйесін қолдану Қоғамның қызмет нәтижелерін жақсартуға және тұрақты дамуға бағытталған бастамалары үшін берік негізді қамтамасыз етуге көмектесетін стратегиялық шешімі болады. Стандарт талаптарына сәйкес Қоғамда «Жоспарла – Жаса – Тексер – Әрекет ет» айналымын және тәуекел-бағыттау танымын қамтитын үдерістік көзқарас енгізілуде.

«Жоспарла – Жаса – Тексер – Әрекет ет» айналымын іске асыру үдерістерді қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге, олардың менеджментін жүзеге асыруға, жақсартуға арналған мүмкіндіктерді айқындауға және жүзеге асыруға мүмкіндік берсе, үдерістік көзқарас үдерістер мен олардың өзара әрекетін жоспарлауға мүмкіндік береді.

Тәуекел-бағыттау танымы Қоғамға үдерістердің жоспарланған нәтижелерінен және сапа менеджменті жүйесінен ауытқуға әкеліп соқтыруы мүмкін факторларды айқындауға, сондай-ақ теріс зардаптарды мейлінше азайту және туындаған мүмкіндіктерді мейлінше пайдалану үшін басқарудың алдын алу құралдарын пайдалануға мүмкіндік береді.

2 «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

2.1 Сапа жүйесінің саясаты

«МаңғыстауМұнайГаз» акционерлік қоғамы магистральдық мұнай өндіру бойынша ұлттық оператор және Қазақстан Республикасының ірі мұнай компаниясы бола отырып, тұтынушылардың талаптары мен үміттерін толық қанағаттандыруға ұмтылады.

Осы Саясатты іске асыру үшін Қоғам басшылығы өзіне бірнеше міндеттемелерді алады:

1) Көрсетілетін қызметтердің Қазақстан Республикасы заңнамасының, тұтынушылардың, халықаралық және ұлттық стандарттардың, сонымен қатар Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкестілігін тұрақты қамтамасыз ету;

2) Көрсетілетін қызметтердің сапасын үнемі жақсартып отыруды қамтамасыз ету;

3) Тұтынушылардың ағымдағы және перспективалық талаптарына, үміттеріне және олардың Қоғам қызметтерімен қанағаттандырылуына жүйелі талдау жүргізу негізінде тұтынушылардың көрсетілетін қызметтердің сапасымен қанағаттандырылуын көтеру;

4) Қоғамның Сапа саласындағы менеджмент жүйесінің нәтижелілігін және тиімділігін арттыру;

5) Тәуекелдер мен мүмкіншіліктерді бағалауға негізделген процестік тәсілді қолдану;

6) Қоғам жұмыскерлерінің кәсіби деңгейін дамытуды және тұрақты түрде арттыруды қамтамасыз ету;

7) Сапа саласындағы Қоғамның менеджмент жүйесін жетілдіруге және жақсартуға бағытталған жұмыскерлердің бастамасын дамыту және ынталандыру;

8) Ұлттық және халықаралық деңгейдегі сенімді серіктес ретінде Қоғам имиджін сақтау, жұртшылық және мақсатты аудитория алдындағы ақпараттық ашықтықты қамтамасыз ету.

Осы Саясатта айтылған Қоғамның міндеттемелері Қоғамның мақсаттарын белгілеу үшін негіз болып табылады, барлық құрылымдық бөлімшелерге қолданылады және Қоғамның серіктестермен іскерлік қарым-қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Қоғам басшылығы осы Саясатты іске асыруға және барлық қажетті ресурстарды ұсынуға жауапты болады.

Кәсіпорынның СМЖ-сі мыналарлы ескеру керек.

- кәсіпорынның өзгешілігін;
- оның көлемін(үлкен кішілігін);
- өндірістің құрылымын және оның ұйымдастырылуын.

Сапа аясындағы саясат төмендегі бағыттарда іс-әрекеттер жасау принциптері ретінде қалыптастырылады:

- шығарылатын өнімнің сапасын жоғарылату және тұтынушының сұранысын қанағаттандыру арқасында кәсіпорынның экономикалық жағдайын жақсарту;
- сапаның жоғарылығы немесе жаңа нарық сегментін табу арқасында сатылатын өнімнің көлемін арттыру;
- бәсекелестерге қарағанда, өнімнің техникалық деңгейін жоғарырақ ұстау;
- өнімдерді (бұйымдарды) модернизациялау;
- белгілі тауар нарығында қажеттілікті анықтайтын өнімнің негізгі сапалық көрсеткіштерін жақсарту;
- сапаны жоғарылату жөніндегі іс-әрекеттерге персоналды тарту арқасында ақаулы өнімнің шығу деңгейін төмендету;
- қызмет көрсетуді жетілдіру.

2.2 Сапа жүйесінің мақсаты мен басшылығы

«МаңғыстауМұнайГаз» кәсіпорнының сапа менеджмент жүйесін ендірудегі мақсаты;

- қызығушы жақтардың қажеттіктерін есепке ала отырып ұйымның нәтижелілігі мен тиімділігін үнемі жақсарту;
- кез келген жағдайда өнімнің сапалы шығуына ұмтылыс жасау;
- өндірісте өнім сапасына ұдайы жақсартуды қамтамасыз ету;
- алдыңғы жыл көрсеткіштеріне қатынасы бойынша өнімнің деңгейін қадағалау;
- өнім шығаруда ұйымның нәтижелілігі мен тиімділігін үнемі жақсарту үшін әзірленген менеджмент жүйесін үнемі жұмысшы қалыпта ұстау.

СМЖ - ның міндеті - көрсетілген қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге және осы сапаны тұтынушылардың сұранысына икемдеуге арналған жүйе. Сонымен қатар СМЖ-нің басты мақсаты – әрбір қызметті жеке бақылау емес, қызмет сапасының төмендеуіне себеп болатын қателерді болдырмайтын жүйені жасау.

Сапаны қамтамасыз ету – өнімнің сапасына қойылған талаптарға сай келтіру мақсатында «сапа тұзағының» әрбір этапын орындау үшін қажетті жағдайларда тудыратын шараларды жоспарлау және жүйелі түрде жүзеге асыру.

Сапаны қамтамасыз ету бойынша жүйелі жүргізілетін шаралар кәсіпорынның күнделікті немесе мерзімді түрде атқаратын жұмыстарын қамтиды (нарық кеңістігін зерттеу, қызметкерлердің квалификациясын көтеру, персоналды үздіксіз біліммен қамту және т.б).

Сапа менеджменті жүйесіне талаптар және өнімге талаптар.

ИСО 9000 стандарттар топшалары СМЖ талаптар және өнімдерге талаптар арасына өзгешіліктерді көрсетеді. СМЖ талаптар ҚР СТ ИСО 9001 бекітілген. Олар қай категорияда болмасын өнімнің өнеркәсіптің немесе экономиканың қандай да болмасын секторындағы ұйымдарға жалпы және қолданылатын болып табылады. ҚР СТ ИСО 9001 өнімге қандай да болмасын талаптар бекітеді.

Өнімге талаптар топшыланатын тұтынушылар сұраныстарынан немесе нұсқаулықтар талаптарынан шығып, тұтынушылар немесе ұйымдармен бекітіле алады. Өнімдерге талаптар көп жағдайда үрдістермен байланысты, мысалы, техникалық шарттарға, өнімге стандарттарда, үрдістерге стандарттарда, келісім шарттарда және регламенттерде жазыла алады.

Сапа менеджмент жүйесін дайындау және ендіру келесі кезендерден тұрады:

1 Кезең – сапа менеджмент жүйесін құрастыру жұмыстарын ұйымдастыру. Оның құрамына:

- сапа менеджмент жүйесінің стандарттарын енгізу шешімдерін қабылдау;
- құжат жинағын өндіру жұмыстары қандай күштермен жүргізілетінін анықтау;
- стандарттарды енгізу стратегияларын анықтау;
- сапа менеджмент жүйесін дайындау мен енгізудің басқарушы және жұмысшы мүшелерін құрастыру;
- ұйым басшыларын және алдыңғы мамандарды үйрету;
- сапа аймағында саясат пен мақсаттарды ендіру.

Бұл кезеңде Сапа менеджмент жүйесінің дайындау, енгізу және жақсарту бұйырықтары ИСО 9000 сериясына сәйкес шығарылады.

2 Кезең – сапа менеджмент жүйесінің жобалануы. Берілген этапта процесс анықталады; Сапа менеджмент жүйесі - әрекетінің негіз түрлері анықталады; Сапа менеджмент жүйесіндегі жоғарғы басшылықтың жауаптылықтары мен мүмкіндіктерін орнату. Талдау қортындысы негізінде жауапты атқарушылар мен атқару мерзімі анықталуымен бірге сапа менеджмент жүйесінің құрлымы енгізілген бағдарламада өндіріледі.

3 Кезең - Сапа менеджмент жүйесінің құжаттандырылуы. Бұл этап Сапа менеджмент жүйесінің өндіру процесін тұрақтайды. Сапа менеджмент жүйесінің құрлымы мен құжат құрамы, сапа менеджмент жүйесі құжаттарын кодтау ережелері анықталынады, сапа менеджмент жүйесінің құжаттандыру жұмыстары жүргізіледі, құжатты өндірудің бақылауы мен консультациясы ұйымдастырылуы.

4 Кезең – сапа менеджмент жүйесін енгізу. СМЖ-нің құжатын іске келтіруін енгізген соң өндірілген жүйе бағаланады. Бұл үшін ішкі аудит тобы ұйымдастырылады, құжат талаптарын сақталуын басқарады, СМЖ-нің нәтижесін және керекті түзетулерді талдайды, СМЖ-сін енгізу актісін орнатады.

5 *Кезең* – СМЖ-ні сертификаттауға дайындық. СМЖ-ні сертификаттау органы таңдалынады, СМЖ-нің мүмкін аудитін жүргізу, СМЖ-нің сертификатын соңғы тексеруіне дайындық.

ИСО 9001 стандартында басшылықтың сапаға жауаптылық деңгейі тағайындалады. Кәсіпорын басшылығы сапа аясындағы саясатты қалыптастыру, сапа жүйесін құру, енгізу үшін және оның жұмысына жауапты болып табылады. Бұл жағдай ашық айқындалған және құжатталған (құжат түрінде өңделген) болу керек. Мамандар штатын қалыптастыру және өндірістік, өлшеу-бақылау және сынау жабдықтарын алуға, оларды бағдарламамен қамтамасыз ету үшін қажетті ресурстарды бөлу де басшылықтың міндетті болып табылады. Басшылық персоналдың қажетті біліктілік деңгейін тағайындап, оның біліктілігін өз уақытында жоғарылатуды қамтамасыз етіп отыруы керек.

Кәсіпорын басшылығын тауардың, оның нарықтағы тұрақтылығына ықпал етуші сапалық көрсеткіштерін уақытында байқап отыру міндеті жүктеледі. Басшылық жаңа өнімді өндіру немесе жаңа қызмет түрін көрсету жөніндегі қабылданған шешімі үшін жауапты болып табылады.

«МаңғыстауМұнайГаз» кәсіпорын штатына сапа жөніндегі менеджер қызметі енгізілген. Менеджерлер тікелей бірінші басшыға бағынады. Олар сапа жүйесін құру және енгізумен шұғылданады, жүйенің жақсы күйін қамтамасыз етеді.

Сапа жүйесінің бір ерекшелігі - оның құрамына жүйені іштен тексеру, талдау және оның тиімділігін бағалау бөлімшесі кіреді.

СМЖ-сін іштен тексеруді фирма басшысы сайлаған (тағайындаған) арнайы дайындықтан өткен құзыретті мамандар жүргізеді. Мамандар жүйенің әр элементінің тиімділігін сапа жүйесі алдында қойылған мақсаттарды іске асыру тұрғысынан бағалауға міндетті. Тексеруді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі СМЖ-сінің құжатталған процедурасында жазылуы керек. Процедура тексеру объектілері мен әдістері; тексерілетін объектілерді бағалау критерийлері; тексеру жүргізуші қызметкерлерге қойылатын талаптар; тексеруді жүргізу тәртібі және т.б. тағайындалады. Әдетте, тексеру объектілері өнімнің сапалық параметрлері, сапа жүйесінің ұйымдық құрылымы болып табылады. Тексеру нәтижесі бойынша есеп беріледі.

Басшылық сапа жүйесі жұмысының тиімділігіне талдау жүргізуі керек. Талдау жүргізудің қажеттілігі іс-әрекеттердің сыртқы жағдайының өзгеруінен туындайды, мысалы, тауарды жаңа (шет ел) нарығына шығарған кезде. Талдауды, әдетте, басшылықтың нұсқауы бойынша фирманың мамандары немесе тәуелсіз мамандар жүргізеді. Жұмыс істеп тұрған жүйеге енгізілуі қажетті өзгерістер өнімнің сапасын жоғарылату жөніндегі ғылыми-техникалық бағдарламаға енгізілуі мүмкін.

2.3 Сапа жүйесін енгізудегі артықшылықтары және сапа жүйесін сертифицикаттау

«МаңғыстауМұнайГаз» кәсіпорнының басты мақсатының біріне Отандық өнім сапасын қамтамасыз ету механизмін құру болып табылады. Әлемдік тәжірибенің мәлімдемесі бойынша, осы механизмнің маңызды элементі болып сапа жүйесінің ИСО сериясы 9000 халықаралық стандартына сәйкес енгізу, ұйымдастыру және оны сертифицикаттау болып табылады.

Сапа менеджменті жүйесін құру:

- компания имиджіне оң әсер етеді;
- ұйымға өндіріс және менеджмент үдерістерін қосымша құжаттық бақылау мүмкіндігін береді;
- шығындарды азайтады;
- компанияның сапаны басқару жөніндегі саясатын іске асырудың мақсаттары мен тәсілдерін қызметкерлерге жеткізу арқылы қызметкерлердің уәждемесін арттырады.

Сапа менеджмент жүйесін енгізудің қорытындылары:

- сапаны басқару және қамтамасыз етудің отандық және халықаралық стандарттар негізінде жаңа әдістерін кеңінен енгізу;
- республикадағы өнеркәсіптердің кешендік жұмыстарының техно-экономикалық көрсеткіштерін жаңарту;
- бәсекеге жарамды тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің жаңа түрлерін жасап шығару және орнату, экспорты дамыту, өндірістің көлемін кеңейту;
- бәсекеге жарамды өнім шығару бойынша отандық тауар өндірушілердің қызметін ынталандару;
- тауардың барлық түрлерінің тұтынушылық қасиеттерін жақсарту, мемлекетте жасалатын жұмыстар мен қызметтің сапасын жоғарлату;
- халық пен мемлекет нарығын сапасыз, қауіпті тауарлардан, жұмыстардан және қызметтен қорғау.

Сапа жүйесін «МаңғыстауМұнайГаз» кәсіпорнына енгізу нәтижесінде қызметкерлердің жұмыс істеу тәртібі артты, шығындар азайды, еңбек сапасы жақсарды, процестерді басқару жоғарлады, сапаны қамтамасыз ету шығындары күрт төмендеді, кәсіпорынның нарықтағы жағдайы жақсарды, өндіріс нәтижесінің жоғарғы деңгейге көтерілді.

Сапа менеджмент жүйесін енгізудегі негізгі артықшылықтары:

- Сапа менеджмент жүйесін енгізу және сертифицикаттау мәселелері бойынша Үкіметтің қолдауы.
- Сапа салсындағы жетістіктері үшін» Президент сыйақысы және «Алтын Сапа» конкурс-көрмесінің болуы.

- Менеджмент жүйесін сертификаттау жөніндегі органның, сарапшы-аудиторлардың болуы.
- Менеджмент жүйесі саласындағы ғылыми жұмыстар.
- Менеджмент жүйесін әзірлеу және енгізудің үнемі жаңартылған нормативтік және әдістемелік базасы.
- Менеджмент мәселелері бойынша оқытудың бекітілген титік бағдарламасының болуы.
- Сапа мәселесін үлкен семинарларда насихаттау.
- ISO 14001, OHSAS 18001 және SA 8000 халықаралық стандарттарының сәйкес менеджмент жүйесі және бақылау принциптері негізінде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджмент жүйелерін енгізу бойынша жұмыс қарқынды жүзеге асуда.
- Халықаралық стандарттарға сай келетін қазіргі заманғы менеджмент жүйесін енгізген кәсіпорындар санының біршама артуы.
- Қазақстан менеджмент жүйесін әзірлеу және енгізу жөніндегі консалтингтік компаниялар желісінің дамуы, оларды қызметінің жоғарылуы.
- Мамандарды сертификаттау жөніндегі органдар жүйесін жасау және дамыту.
- Отандық сәйкестік сертификатын шетелде таныту және сәйкесінше Қазақстандық өнім экспорты үлесінің жоғарылауы.

Сапа менеджменті жүйесінің стандартын қабылдау ұйым басшылығының стратегиялық шешімі болып табылады. Оны енгізу ішкі және сыртқы тараптарға, ұйымның талаптар мен нормаларды қанағаттандыру, сапаны басқарудың өзіндік құжатталған саясатын ұстану қабілетін көрсетеді.

Сертификаттау - бұл қандай да бір объектінің қойылған талаптарға сәйкестігін тексеру және бағалау процесі. СМЖ қойылатын талаптар ИСО 9001 халықаралық стандартының 1-8 бөлімдерінде беріледі. Егер де сертификаттау мемлекеттік стандартқа сәйкес жүргізілетін болса, онда ҚР СТ ИСО 9001 қолданылады.

Сертификатталған сапа жүйесі кәсіпорынның сапалы өнімді тұрақты шығаруға қабілеттілігін сипаттайды, сонымен қатар фирманың ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекелестік қабілетінің жоғарылауына әсер етеді.

Сапа жүйесін сертификаттауды жүргізудің негізгі мақсаттарына жатады:

- сапа жүйесін және оның элементтерінің нормативтік құжаттамалардың бекітілген талабына сәйкестігін растау;
- өндірушінің өтініші мен берілген өнімді (қызметті) жоспарланған сапамен контракта көрсетілген мерзімдерде және жоспарланған көлемде тұрақты шығару мүмкіндіктерін растау;
- өнімді сертификаттау үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- тұтынушылардың өнімге (қызметке) сенімділігін арттыру, дайындаушы ұйымның басшылығын бекітілген талаптарға сай өнімді шығару және қамтамасыз ету.

Сапа жүйесін сертификаттау бойынша орган мамандарымен сарапшы - аудиторлармен жүргізілген бағалау (аудит) нәтижесі болып табылады. Аудиторлар арнайы үйретулерден өтіп, Мемлекеттік реестрде сарапшы-аудитор ретінде тіркелуі тиіс. ИСО 19011 стандарттың талабына сай сапа жүйесінің аудиті және аудиторлардың құзыреттілігі мен бағалауы жүргізіледі. Бұл стандарт сапа менеджмент жүйесін және экологиялық менеджменттің тексеруді жүргізу кезінде қолданылады, олардың талаптары қатаң болады, сонымен қатар қолданушылардың кең ауқымы үшін қолданылады, мысалы, денсаулық және қауіпсіздік менеджментін, қаржы менеджментін, аудиттің басқа түрлерін жүргізу кезінде және т.б.

Сапа жүйесін сертификаттауды жүргізу процесін екі кезеңге бөлуге болады:

- Сапа жүйесін бағалау және алдын-ала тексеру;
- Соңғы тексеру, бағалау және кәсіпорынға сапа жүйесінің сәйкестік сертификатын беру.

Сапа жүйесін сертификаттау бойынша жұмыстар мен кезеңдер төменгі кестеде көрсетілген.

СМЖ тексеру нәтижесінде келесідей қорытындыларды шығаруға болады:

- жүйе берілген талаптарға толығымен сәйкес келді;
- жүйе тұтас алғанда талаптарға сай, бірақ стандарттан біраз ауытқушылық анықталған;
- жүйе берілген талаптарға сәйкес емес.

Сапа жүйесі бойынша Қазақстандық сертификатын тану жолында кедергілерді жою үшін, тәжірибеде біріккен сертификаттауды жүргізуді қолданады. Отандық өнімдер мен кәсіпорындардың бәсекелестік қабілетін арттыру үшін Алматы қаласындағы ААҚ «Сараптау және сертификаттаудың ұлттық орталығы» сертификаттау бойынша ассоциациясы бекітілді.

СМЖ сертификаттау арнайы жоспарланған сынақтарды, өнімнің сапа көрсеткіштерін өлшеуді және талдауды қарастырмайды. Бірақ өнім сапасында немесе жүргізілген сынақтың дұрыстығында күмәндік болса, онда сарапшылар ұйымда жүргізілетін ұйымды сынауды бақылай алады.

СМЖ сертификаттау кезінде өнімді сертификаттауға қажетті кәсіпорындағы сынақтардың жеткіліктілігін тексереді, сонымен қатар дайындаушыдан да сынақ жүйесінің болуы тексеріледі, онда бекітілген талаптарға сәйкес келетін өнімнің барлық сипаттамаларын бақылау жатады.

3 «Маңғыстау Мұнай Газ» саласында қолданылатын СМЖ элементтерге және оларға SWOT анализ жасау

3.1 СМЖ элементі ISO 29001:2010

ISO 29001 мұнай, мұнай-химия және газ өнеркәсібіне арналған өнімді зерттеу, әзірлеу, орнату және сервистік қызмет көрсету саласындағы сапа менеджменті жүйесіне қойылатын талаптарды қамтитын халықаралық стандарт. Стандарт мұнай-газ саласын жеткізу тізбегіне тартылған барлық ұйымдарға арналған.

ISO 29001 сәйкес тәуелсіз Құзыретті ұйыммен сәйкестікті растау (сертификаттау) мұнай-газ саласы кәсіпорындарының өз тұтынушылары мен оның барлық мүдделі тараптарына қанағаттанушылығын арттыруға бейілділігін көрсетеді.

ISO 29001 стандарты мұнай, мұнай-химия және газ өнеркәсібінде өнім жеткізетін және қызметтер көрсететін ұйымдардың сапа менеджменті әдістеріне қойылатын талаптарды белгілейді және мұнай-газ саласындағы сапаны басқару жүйесіне қатысты ISO 29001:2008 халықаралық танылған стандартының кеңейтілген нұсқасы болып табылады. Ол саланың ерекшелігін ескере отырып, қосымша талаптарды қамтиды және сәйкессіздіктердің алдын алуға және өнім мен қызметтерді жеткізушілер үшін вариацияны азайтуға бағытталған. ISO 29001 стандарты ISO мен мұнай және газ өнеркәсібі өкілдері арасындағы әріптестіктің тікелей нәтижесі ретінде әзірленген.

ISO 29001 сәйкес біздің ұйыммен сертификаттау және инспекциялық аудит өткізу кәсіпорынның өз өнімдері мен қызметтерінің сапасын тұрақты арттыруға бейілділігін, сондай-ақ өз тұтынушыларының қанағаттануын арттыруға ұмтылысын растайды. Сертификациялық аудит менеджмент жүйесінің барлық негізгі бизнес-процестерін қамтиды және басқару жүйесінің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған қосымша құндылыққа ие болуға мүмкіндік береді.

ISO 29001:2010-мұнай, мұнай-химия және газ өнеркәсібі кәсіпорындары үшін әзірленген техникалық ерекшелік, сапа менеджменті жүйесінің стандартын кеңейту. Ол салалық ерекшеліктерді ескере отырып, сапа менеджментін ұйымдастыруды реттейді.

Салалық стандарттарды әзірлеу менеджмент жүйелерін біріздендіру, оларды бір – бірімен ықпалдастыру және бұл арқылы-кәсіпорындарды басқару процестерін оңтайландыру мақсатында жүргізіледі.

Бұл стандарттың негізі — кәсіпорын қызметінің түрлерін сәйкестендіру, оның ішінде сапаны басқару бойынша, осы процестерді басқарудың әдістері мен тәсілдерін талдау, оларды құжаттау, басқару жүйесінің бақылау және ішкі аудит әдістерін енгізу.

Сапа менеджменті жүйесінің стандартын қабылдау ұйым басшылығының стратегиялық шешімі болып табылады. Оны енгізу ішкі және сыртқы тараптарға, ұйымның талаптар мен нормаларды қанағаттандыру, сапаны басқарудың өзіндік құжатталған саясатын ұстану қабілетін көрсетеді.

Сапа менеджменті жүйесін құру:

- компания имиджіне оң әсер етеді;
- ұйымға өндіріс және менеджмент үдерістерін қосымша құжаттық бақылау мүмкіндігін береді;
- шығындарды азайтады;
- компанияның сапаны басқару жөніндегі саясатын іске асырудың мақсаттары мен тәсілдерін қызметкерлерге жеткізу арқылы қызметкерлердің уәждемесін арттырады.

Халықаралық Мұнай және газ өнеркәсібі үшін ИСО 29001 техникалық шарттарының үшінші редакциясы шығуына байланысты, кері тоқым осы секторлардағы сапа менеджментіне қойылатын талаптар ретінде осы құжаттың өсіп келе жатқан мақұлдауын көрсетеді.

Әлеуетті соңғы пайдаланушылар мыналарды қамтиды:

- мұнай және газ өнімдерін зерттеуге, өндіруге, құбырға және тасымалдауға, тазартуға қатысатын ұйымдар;
- мұнай және газ өнімдерін жобалау, өндіру, орнату, Қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарына қатысатын ұйымдар;
- жоғарыда аталған түрлі секторларға техникалық, функционалдық және қолдау көрсететін ұйымдар.

ИСО 29001 қазір мұнай және газ өнеркәсібінің зерттеу және өндірістік секторларындағы сапа менеджменті жүйесіне қойылатын талаптар негізге алынды. Құжат тазарту бойынша секторда мақұлдауды алады және құбырлар бойынша секторда байсалды қарастырылады.

Мұндай ерекше құжаттың бір артықшылығы, ол ИСО 9001:2010 барлық талаптарын қамтиды, оларды ИСО 9001 енгізген ұйымдарға қолдау көрсету қажет.

ISO 9001 стандарттының мәні отандық та, халықаралық та интерпретацияда түпкілікті өнімнің тұтынушылар мен серіктестердің сұраныстарына сәйкестігін анықтау мақсатында нақты кәсіпорында басқару және бақылау жүйесінің бірқатар критерийлерін бағалау болып табылады.

